

Семей қаласы мәслихатының 2015 жылғы 26 ақпандағы № 37/200-V "Тұрғын үй көмегінің мөлшерін белгілеудің және оны көрсету тәртібінің ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының мәслихатының 2016 жылғы 10 маусымдағы № 3/31-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 маусымда № 4583 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 34/227-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 18.01.2019 № 34/227-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес Семей қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Семей қаласы мәслихатының 2015 жылғы 26 ақпандағы № 37/200-V "Тұрғын үй көмегінің мөлшерін белгілеудің және оны көрсету тәртібінің ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3803 болып тіркелген, 24 сәуірдегі 2015 жылғы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 "Семей таңы" және 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 "Вести Семей" газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Тұрғын үй көмегінің мөлшерін белгілеудің және оны көрсету тәртібінің ережесінде:

кіріспесінде ""Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185," сөздері алып тасталсын;
4 – тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"4. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат, немесе оның сенімхат

бойынша өкілі) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына немесе "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталына тоқсан сайын өтініш береді және "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады."

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының

төрағасы

Қалалық мәслихат

хатшысы

М. Көкрекбаев

Б. Ақжалов